

Өмірхан Әбдиманұлы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХ

Алматы
«Қазақ университеті»
2010

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты ұсынған*

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ. Әбдезұлы**

Әбдіманұлы Ө.

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух. – Алматы: Қазақ
университеті, 2010. – 192 бет.
ISBN 9965-30-974-4

Ә 13

Монографияда қазақ әдебиетіндегі ұлттық рухтың көрініс табуы ежелгі дәуірдегі Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі, хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясындағы, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі дәстүрлік арналары, XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттегі жанашыл сипаты арқылы сараланады. Зерттеуші ұлттық рухтың қазақ әдебиетіндегі көркем бейнеленуін дәстүр, тарихи негіз, ізденіс бағыттары, ұстанымдық мәні мен көркемдік қызметі, жанашылдық сипаты тұрғысынан жан-жақты ашқан. Ғалымның қазақ әдебиетіндегі ұлттық рухты біртұтас көркемдік жүйеде қарастыруға байланысты жасаған түйінді тұжырымдары әдеби үдерісті бүгінгі күнгі көзқарас тұрғысынан ғылыми байыптаудың нақты белгісі болып табылады. Зерттеу еңбек әдебиеттанушы ғалымдарға, магистранттар мен студенттерге арналған.

Ә 4603020102 - 50
460(05) - 10

ББК 83. 3Қаз

ISBN 9965-30-974-4

© Әбдіманұлы Ө., 2010
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2010

КІРІСПЕ

Бүгінгі тәуелсіздік биігінен қараған сәтте артта қалған тарихи кезеңдеріне айрықша тартып, қоғамдық ой-сананың сан-саласын күн өткен сайын өзіне қызықтыра түсуде. Әрине, өткенді тану – болашақтың жанылмас жолын айқындау. Өйткені кешегі тарих – бүгінгінің сарапшысы. Осыны терең ұғына отырып, өткенді қашанда салықалы салқықандылықпен сарапқа салу керек. Тарихқа ақ жүрек, адал ой, ізгі ниетпен қайырылғанда ғана, шындықтың шыны іспетті адал ой, ізгі ниетпен қайырылғанда ғана, болашаққа басар қадам нық болып, бастаған іс оңға айналмақ.

Арғы қазақ тарихын тарихшылар үлесіне қалдырып, бергі тарихқа ой жіберіп көрсек, кейбір қызықты деректерге тап келеміз. Мәселен, Қазақ хандығы хижраның 870 (1465-1466) жылы Қозыбасы деген жерде қазақ ордасын тігіп, ту көтергендігі көзі қарақты жанның бәріне белгілі. Бұл туралы Қазақтың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулати былай деп жазады:

«Әбілқайыр хан Дешті Қыпшаққа түгелдей билігін орнатқан кезде Жошы әулетінен шыққан кейбір тіміскішіл сұлтандар олан келер бір пәленің ісін сезіп қалып, оны орнынан тайдырмақ болды. Керей хан, Жәнібек сұлтан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар аз ғана топпен Әбілқайыр ханнан қашып, Моғолстанға келді. Сол уақытта Моғолстан хандығын билеу кезегі Есенбұға ханға жеткен еді. Есенбұға хан оларды қатты құрметтеп, оларға Моғолстанның бір шетін бөліп берді. Олар осы жерден қауіпсіз жайлы қоныс тапты. Сөйтіп тыныш өмір сүріп жатты.

Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды. Өркім мүміндіктеріне қарай қауіпсіз һәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады, олар осылай күшін нығайтты. Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп, жырылып қалып, біраз уақыттарын әрі сергелдеңде болғандықтан оларды «қазақтар» деп атады. Бұл лақап ат қазақтарға осылай танылды». Біздің мақсатымыз қазақ тарихының межесін анықтау, ақиқаты мен аңызын айыру емес. Мақсат – Қазақ ордасы құрылды дейтін тұстан бергі тарихтың жалпы сипатына назар аудару. Шартты түрде қарайтын болсақ, осының алғашқы екі жүз жылдығы, яғни Керей ханнан Тәуекел ханға дейінгі кезеңі хандықты нығайту, іргесін кеңейту жолындағы соғыстармен, келесі жүз жылдығы қалмақ басқыншылығына қарсы күреспен өтті.

Тәуке, Есім, Жәңгір қазақ хандығын құлатпау жолында ұлы істер атқарды. Қазақ Ордасының келесі жүз жылдығы – жеңілісінен жеңісі